



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№4 (808) Сәрсенбі 25 қаңтар 2023 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

ЕР АТАҒЫН ЖАЛҒАҒАН БАБА ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?



2-бет

ЛЕПРОФОБИЯ (Лепрадан қорқу туралы)



4-бет

БАСТЫ МІНДЕТ – ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫ АЗАЙТУ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте 2022 жылға жоспарланған халықты жұмыспен қамту бағытындағы көрсеткіштердің орындалу барысы мен 2023 жылға қойылған міндеттер талқыланды. Жиынға басқарма басшылары мен селекторлық режимде қала, аудан әкімдері қатысты.

Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жанабаев Мемлекет басшысы берген тапсырмалардың орындалуы және 2023 жылға қойылған міндеттер бойынша баяндама жасады.

Еске салсақ, ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев әкімдерге 10 мың халыққа 100 жұмыс орнын ашу жөнінде тапсырмасы 2022 жылы артығымен орындалып, Қызылорда облысы республика бойынша жоғары көрсеткішге қол жеткізген аймақтардың қатарында. Басқарма басшысы 2023 жылының қорытындысымен өңірде жұмыссыздық деңгейін 4,8%-ға, ал жастар жұмыссыздығы деңгейін 3,9%-ға дейін жеткізу жоспарланғанын мәлімдеді.

Өз кезегінде, аймақ басшысы бірқатар аудан, басқармалармен ашылмаған жұмыс орындары жоспарды толық орындауға кері әсер етіп отырғанын атап өтіп, өткен жылы төмен нәтиже көрсеткен Қармақшы, Жалағаш, Қазалы, Жаңақорған аудандары мен облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармаларына биылғы жылы бекітілген Өңірлік жұмыспен қамту картасына енгізілген жобалардың толығымен жүзеге асырылуын қажеттігін қатаң ескертті.

«Біздің басты міндетіміз - халықтың әл аukatын арттыру

ҮКІМЕТТЕ СЫР ӨҢІРІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Астана қаласына жұмыс сапарымен барып, бірқатар министрмен кездесті. Басқосу барысында аймақтың перспективалық жобаларын қарауға ұсынды, даму жолдарын саралады. Атап айтқанда, өңірдің инфрақұрылымын дамыту, Арал теңізінің экологиялық жағдайын жақсарту және білім беру саласының өзекті мәселелері талқыланды.

Сондай-ақ, аймақ басшысы ҚР Премьер-Министрі, Премьер-Министрдің орынбасары, ҚР Президенті Әкімшілігінің басшысы, ҚР Мемлекеттік кеңесшісімен кездесіп, Үкіметте Қызылорда өңірінің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін талқылады.

Айта кетейік, жақын арада Қызылорда облысының дамуы мен негізгі міндеттері арнайы Үкімет отырысында қаралмақ. Аймақ басшысы өңірдің өзекті

мәселелері мен іске асырылатын жобаларды баяндап, алдағы уақытта қойылған міндеттерді пысықтады. Басқосуда Нұрлыбек Нәлібаев Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтің тапсырмаларын орындау және мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асыру барысын таныстырып, облыс үшін маңызды жобаларды ұсынып, қолдау көрсетуді сұрады.

«Ел тілегі» ақпарат

АВТОКӨЛІКТЕРДІ ЗАҢДАСТЫРУ 1 ШІЛДЕГЕ ДЕЙІН ЖҮРГІЗІЛЕДІ

Шетелдік автокөліктерді заңдастыру басталды. Қазақстан азаматтары сырттан әкелген шетелдік есептегі жеңіл автокөліктер, шағын, орта сыйымдылықтағы автобустар, шағын жүк көліктері және рөлі оң жақтағы автокөліктерді заңдастыру 1 шілдеге дейін жүргізіледі.

Заңдастыруға өтінішті «Электрондық үкімет» порталы арқылы немесе мамандандырылған ХҚКО-ға жеке жүгіну арқылы беруге болады. Онда тек көлікті заңдастыруға құжаттар қабылдайтын арнайы секторлар жұмыс істейді. Сонымен қатар онда заңдастыру ережелерін түсіндіретін әкімшілік полиция қызметкері болады. Ал заңдастыру туралы шешім екі күн ішінде қабылданады.

Автокөлікті заңдастыру үшін өтінім, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат, көлік құралының паспорты немесе тіркеу туралы куәлік, көлік құралына меншік құқығын растайтын құжат талап етіледі. Нәтижесі арнайы базаға тіркеледі және көлік иесінің телефонына 1414 нөмірінен SMS жіберіледі. Онда қабылданған шешім нақты жазылады. Заңдастыруға рұқсат етілсе, мемлекеттік алымдар төлеу қажет.

Заңдастыру кезіндегі негізгі төлем – 200 мың теңгені құрайтын бастапқы тіркеу алымы. Сонымен қатар мемлекеттік нөмірге 9660 теңге және техпаспорт үшін 4313 теңге төленеді. Осыдан кейін өтініш иесі тіркеу құжаттарын және Қазақстанның мемлекеттік нөмірін алады. Айта кету керек, шетелдік есепке алынған

автокөліктерді заңдастыру – бір реттік акция. Ол үшін автокөлік елге былтырғы жылдың 1 қыркүйегіне дейін әкелінген және криминалдық есепте болмауы тиіс. Басқа мемлекетте бұрынғы тіркелген жері бойынша есептен шығарылуы керек. Ал Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін елдерден әкелінген автокөлік, кедендік тазартудан өтуі қажет.

Заңдастырудың Үкімет бекіткен ережесі мен талабының бизнеске арналған автокөліктерге қатысы жоқ. Оның қатарында жүк таситын ауыр көліктер мен автобустар бар. Ауыр жүк көліктері мен автобустардың заңдастыруға жатпайтын себебі – аталған көлік түрлері коммерциялық, яғни бизнеске арналған транспорт. Дегенмен аталған автокөлік түрлері жеке мақсатта қолданылатын болса, онда заңдастыруға жағдайда заңға сәйкес жауапкершілік қарастырылғанын еске саламыз. Еліміздегі шетелдік көліктердің дені сақтандыру полисі негізінде қолданылып жүр. Егер автомобильді белгіленген уақытта заңдастырмаған жағдайда сақтандыру полисі тоқтатылып, көлік коммуналдық автотұраққа қойылады. Бүгінде ел аумағында сақтандыру полисі арқылы жүрген 300 мыңнан астам шетелдік автомобиль бар.

Бір күнде еліміз бойынша 2000-нан астам өтінім мақұлданды. 100 азамат тиісті құжаттарын алған. Ал қаладағы мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталығына 200 адам өтініш білдіріп, 18 азамат көлігін заңдастырған.

ЕЛ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ

Қазалы

БОКСШЫ ҚЫЗ АЛТЫН ЖЕҢІП АЛДЫ

Сербия елінен ақжолтай жаңалық жетті. Сомборе қаласында бокстан өткен Халықаралық турнирде жерлесіміз алтын медаль иеленді. Толыбай Зарина 81 келіге дейінгі салмақта финалдық кездесуде сербиялық боксшыны жеңіп, елдің мерейін үстем етті.

Жаттықтырушылары – №17 Қазалы ауданының олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінің жаттықтырушылары – Руслан Жолбарысов және Ермағанбет Мерген. Айта кетейік, Зарина К.Піримов ауылындағы №92 мектепте білім алған. Қазіргі таңда облыс орталығындағы спорт мектебінде жалғастыруда.

Арал

«АРАЛДЫҢ АДАМДАРЫ» КІТАБЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Аудандық орталық кітапханада ақын, «Арал әлемі» газетінің бас редакторы Ергали Абдулланұлы жана туындысы «Аралдың адамдары» кітабына кітап беташары өткізілген болатын. Атаулы кешке мектеп кітапханашылары мен жоғары сынып оқушылары, ауданның белсенді жастары қатысты. Сонымен бірге кештің негізгі мақсаты қалың көпшілікке Ергали Абдулланұлы туындыларын насихаттап, кітап ішіндегі кейіпкерлерге арнайы шығарылған арнау өлеңдер мәнерлеп оқылып, «Жырақтар жүрек жылытып» атты үш бөлімнен тұратын кітаптар көрмесіне шолу жасалды.

Шара барысында автордың шығармашылығы жөнінде журналист-жазушы Жұмабай Жақып, сазгер-ұстаз Бекболат Садуақасов, «Толқын» газетінің бас редакторы Абай Елеш ой-пікірлерін айтып, жазушының еңбегі жөнінде сөзге тиек етті.

Шара соңында кітапхананың тұрақты оқырмандары Е.Ізбасаров, Д.Накебаева, А.Төрәхметқызы ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары Ергали Абдулланұлы сөзіне арналған әндерді орындады.

Байқоңыр

ДАУ МЕДИАЦИЯ ТӘРТІБІМЕН РЕТТЕЛДІ

Байқоңыр қалалық сотына талап қоюшы «А» акционерлік қоғамы жауапкер К-дан негізсіз төленген жәрдемақы сомасын өндіру туралы талап қоюмен жүгінді. Тараптарға дауды татуластыру рәсімдерінің көмегімен аяқтау жөніндегі құқықтары ретсіздірді. Нәтижесінде, тараптар дауды медиация тәртібімен түзету туралы келісімге келгендерін көрсетіп, соттан аталған келісімді бекітуді сұрады.

Медиациялық келісімнің шарттары бойынша, жауапкер жәрдемақы ретінде негізсіз төленген 224106 теңгені толық төленгенше, әр ай сайын 10 000 теңгенен республикалық бюджетке төлеп отыруға міндеттенді. Сот ұйғарымымен тараптар арасындағы медиациялық келісім бекітіліп, іс бойынша іс жүргізу тоқтатылды. Сот ұйғарымы заңды күшіне енген.

Қармақшы

САЛАСЫ БОЙЫНША КЕЗДЕСУ ӨТТІ

Кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік бағдарламалар және қаржы ұйымдарының талаптары бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізу мақсатында арнайы жұмысшы топ құрылып, барлық ауылдық округ тұрғындарымен кездесу өткізілді.

Жұмысшы топ Алдашбай Ахун ауылдық округінің кәсіп ашуға ниетті тұрғындарымен кездесіп кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған Мемлекеттік бағдарламалар туралы түсіндірме жұмыстарын жасады. Кездесу барысында, белгіленген грант қаражатына жүзеге асыруға болатын өндіріс және қызмет көрсету бағытындағы жобаларды таныстырып, ауыл тұрғындарын мемлекеттік бағдарламаларға қатысуға шақырды.

Жанақорған

МӘЖБҮРЛІ ЕМДЕУГЕ ЖІБЕРІЛДІ

Жанақорған аудандық сотына арыз беруші «Жанақорған ауданаралық ауруханасы» ШЖК КМК-і алкоголизммен ауыратын азамат К-ның өз еркімен емделуден жалтарып жүргенін негіздеп, мәжбүрлеп емдеуге жіберу жайлы арызбен жүгінген. Іс құжаттарына сәйкес, азамат К. 2021 жылдан бастап облыстық наркология орталығында алкогольді қолдануға байланысты психикалық және мінез-құлқ ауытқулары диагнозымен диспансерлік есепте тұратынын үнемі алкогольдік ішімдік ішіп, өз еркімен емделуден бас тартқаны, арнайы медициналық сараптау комиссиясының қорытындысымен созылмалы маскүнемдікпен ауыратынын және 6 ай мерзімге маскүнемдіктен еріксіз емделуі қажет ететіндігі бекітілген.

Арыз берушінің өкілі А., сот отырысында арызды қуаттап, К-ны ұдайы алкогольдік ішімдік ішіп, қоғамдық тәртіпті бұзатынын, соның айларда салынып ішетінін көрсетіп, арызды қанағаттандыруды сұрады. Жанақорған АПБ-нің ЖПКБ-нің УПИ-ры А-ның мәлімдемесіне сәйкес, науқас ұдайы түрде алкогольді ішімдіктер ішетінін, әкімшілік құқық бұзушылық жасауға бейім екенін, өз еркімен алкоголизммен кездесіп кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған созылмалы маскүнемдікпен ауыратынын және 6 ай мерзімге маскүнемдіктен еріксіз емделуі қажет ететіндігі бекітілген.

Арыз беруші «Жанақорған ауданаралық ауруханасы» ШЖК КМК-нің арызды қанағаттандырылып, азамат К. 6 ай мерзімге маскүнемдіктен мәжбүрлеп емделу үшін мамандандырылған емдеу-профилактикалық мекемесіне еріксіз емдеуге жіберілді.

ӘЙЕЛ-АНАЛАРДЫ ҚОЛДАУ БАСТЫ НАЗАРДА

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңірге арнайы жұмыс сапарымен келген ҚР Президенті жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия мүшесі Қарақат Әбденмен кездесті.

Кездесу барысында аймақта гендерлік, отбасылық саясат және қыз-келіншектердің заңды құқығын қорғап, жан-жақты қолдау көрсету барысы сөз болды. Қарақат Әбден осы саладағы өзекті мәселелерді атап өтіп, Сыр еліне келу мақсаты – облыс әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның жұмысымен танысу екенін мәлімдеді.

Өз кезегінде аймақ басшысы облыста әйел аналарды қолдауға бағытталған жұмыстар туралы айтып, Атап айтқанда, кәсіпкерлердің қолдауымен «Анаға тағзым» орталығының құрылысы жүргізіліп жатқандығын мәлімдеді. Құны 1,5 млрд теңгені құрайтын заманауи үлгідегі орталық өңірдің қыз-келіншектеріне, жас отбасыларға, балаларға ұлттық құндылықтарды дәріптеп, әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді жаңғыртуға мол мүмкіндік бермек.

тіркелуін қамтамасыз ету жөнінде міндет қойылды.

Мұнан бөлек, жиында облыс бойынша санитарлық тазалық мәселесі қаралды.

Аймақ басшысы облыстық және республикалық маңызы бар жолдар мен магистральді темір жол бойындағы тазалық мәселесі сын көтерімдігін баса айтты.

«Облыс әкімі аппаратымен апта сайын тазалық мәселесіне рейдтер жүргізіліп, қорытындысымен шұғыл қалыпқа келтіру бойынша тапсырмалар беріледі. Дегенмен, жауапты мекемелер мен қызметкерлер әлі де немқұрайлық танытуда. Мысалы, аудан және қалада бірнеше аумақ стихиялық қоқыс аумағына айналған. Жергілікті жерде тазалықпен айналысатын мекемелер бар. Ең алдымен солардың жауапкершілігін күшейту қажет. Мәселенің барлығын жеке секторларға немесе тұрғындарға артып қоюға болмайды.

Бұдан бөлек, республикалық және облыстық маңызы бар жолдардың, сондай-ақ магистральді темір жол бойында орналасқан нысандардың санитарлық тазалық мәселесі сын көтерімейді. Өткен аптада бұл мәселе қаралды. Берілген тапсырмадан нәтиже шықпайтын болса, тиісті шешімдер қабылданатын болады», - деді Н.Нәлібаев.

Тазалықтың жай-күйін арнайы дайындалған слайдтар арқылы саралаған аймақ басшысы жауапты мекеме басшыларына орын алған олқылықтарды тез арада жойып, алдағы уақытта жол бойы мен темір жол стансалары және оның маңындағы нысандардың сыртқы келбетін талапқа сай ұстауды қатаң тапсырды.

«Ел тілегі» ақпарат

ТАҒАЙЫНДАУ

ҚАЗБЕКОВА МИРА ЖОМАРТҚЫЗЫ



Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі және Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің келісімдері бойынша облыс әкімінің өкімімен Қызылорда облысының мәдениет және спорт басқармасының басшысы лауазымына Қазбекова Мира Жомартқызы тағайындалды.

Облыс әкімі Н.Нәлібаев басқарманың жаңа басшысын таныстырып, Сыр елінің мәдениеті мен спортында бұдан да жоғары нәтижелер мен көрсеткіштерге қол жеткізетініне сенім білдірді.

«Мира Жомартқызы аймақтың әлеуметтік-саяси ахуалымен жақсы таныс, мемлекеттік қызметте мол тәжірибе жинақтаған, облыстың мәдени-рухани өмірін дамытуға зор үлесін қосып жүрген және мәдениет саласын жақсы меңгерген білікті маман.

Басқарманың аймағымыздағы саяси-мәдени және спорт саласын дамытуға алға қойған өзіндік міндеттері бар. Оның ішінде жерлесіміз, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына арналған мерейтойлық шаралар, «Қорқыт және Ұлы дала сазы» атты халықаралық фольклорлық музыкалық фестивалі, композитор Кеңес Дүйсекеев атындағы «Туған жер» халықаралық эңшілер байқауын өткізу, республикалық және халықаралық турнир мен чемпионаттарды абыроймен атқарып, облыстың озық дәстүрін сақтауды қалыптастыруға тиіс.

Сізге, өңір өркениеті үшін жаңадан басталған Өнер орталығы, Стадион құрылыстарының тиісті салалық құрылымдармен бірге талапқа сәйкес іске қосылуын қатаң бақылауды тапсырамын», - деді аймақ басшысы.

ЕСМАХАНОВ АЛМАСБЕК ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ



Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің келісімдері бойынша облыс әкімінің өкіміне сәйкес, меритократия қағидатымен Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасының басшысы лауазымына Есмаханов Алмасбек Әбілқасымұлы тағайындалды.

Жынында облыс әкімі жаңа басқарма басшысын құттықтап, оған алдағы уақытта атқарылуы тиіс маңызды міндеттерді тапсырды.

«Алмасбек Әбілқасымұлы тәжірибе толыстырған, қызмет баспалдағынан сатылап өскен білікті кадр ретінде аймақтың қоғамдық-саяси ахуалымен жақсы таныс. Мемлекетіміздің алдында тұрған саяси модернизацияны жүзеге асыру мен қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын қамтамасыз етуде қоғамдық даму басқармасының орны ерекше.

Бүгінде жаңа реформаларды жүзеге асыруды бастаған елімізде ішкі саяси тұрақтылық ерекше маңызға ие болмақ. Осыны ескере отырып, басқарма мен оның жаңа басшысының алдына жаңа міндеттер қойылады.

Бірінші. Өңірде азаматтық қоғамның дамуына жағдай жасау және мемлекетпен өзара сенімгерлік қатынастарды дамыту.

Екінші. Өңірлік бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жетілдіру.

Үшінші. Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру, НИТ (NEET) санатындағы жастармен жұмысты күшейту.

Төртінші. Қоғамдық келісім мен этносаралық татулықты нығайту жөнінде кешенді шаралар қабылдау.

Бесінші. Мемлекеттік тілді дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстар кешенін жүзеге асыру.

Аталған мәселелердің жүйелі жүзеге асыру үшін билік пен халық арасында тығыз диалог орнатуын маңыздылығы жуан санап артады.

Осы ретте, басқармаға, Сізге жауапкершілік жүгі арта түсетіні анық. Себебі халық пен билік арасындағы ашық диалогты қамтамасыз етуде, қоғамдағы өзекті мәселелерді оңтайлы шешуде алдыңғы қатардан көрінулеріңіз қажет», - деді облыс әкімі.

ШАХАНОВА САЛТАНАТ ҚАСЫМҚЫЗЫ



Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы Заңына сәйкес Шаханова Салтанат Қасымқызы облыс әкімінің баспасөз хатшысы - баспасөз қызметінің басшысы болып тағайындалды.

Алдымен жынында өңір басшысы осы уақытқа дейін облыс әкімінің баспасөз хатшысы Абай Тағыбергеновге алғыс айтып, жаңа қызметіне сәттілік тіледі.

Екі жылдай уақыт ішінде облыс әкімінің баспасөз қызметін орынықты түрде үйлестіріп, қоғаммен, БАҚ өкілдерімен берік қарым-қатынас жасап, аймақ имиджін оң бағытта дамытуға өзіндік үлесін қосты.

Абай Тағыбергенов алдағы өтетін маңызды сайлау науқандарын ұйымдастыру, оны ақпараттандыру, қоғаммен ашық диалог орнату бағытында жауапты жұмыстарды атқаратын болады, - деді аймақ басшысы.

Мұнан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жаңадан тағайындалған Салтанат Шаханованың осы саладағы мол тәжірибесін атап өтіп, аймақтың оң имиджін қалыптастыруда аянбай еңбек ететініне сенім білдіре, қызметіне сәттілік тіледі.

ШӘКІРБАЕВ МАҚСАТ СӘМИТҰЛЫ

Конкурстық комиссияның шешіміне сәйкес облыс әкімі аппаратының Әдеп жөніндегі уәкіл лауазымына Шәкірбаев Мақсат Сәмитұлы тағайындалды.

Аймақ басшысы жаңа қызметтің тізгінін ұстаған Мақсат Шәкірбаевқа әділ әрі дұрыс шешім қабылдайтынына сенім білдірді.

-Мақсат Сәмитұлы осы кезге дейін жинақтаған мол тәжірибесі мен жоғары білімін облыстық жергілікті атқарушы органдар бойынша ұжымда моральдық-әдептік нормаларына сәйкес өзара-қатынастар мәдениетін қалыптастыруға, мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайларда, оларды қорғауға жұмсайды деп сенеміз.

Мемлекеттік қызметтің оң бейнесін қалыптастыру мақсатында азаматтық қоғам институттарымен және мемлекеттік органдармен тиісті деңгейде жұмыс жасауды тапсырамын, - деді облыс әкімі Н.Нәлібаев.

ЕРСҰЛТАНОВ ӘДІЛБЕК БӨРІБАЙҰЛЫ



Қазақстан Республикасы Орталық және облыстық сайлау комиссияларының шешімімен Ерсұлтанов Әділбек Бөрібайұлы облыстық сайлау комиссиясының төрағасы қызметіне сайланды. Әділбек Бөрібайұлы – еңбек жолын облыстық мемлекеттік архивнің архивісі болып бастап, мемлекеттік қызметтің барлық сатысынан өткен, тәжірибесі мол білікті кадр. Облыс әкімі аппараты басшының орынбасары, «Аманат» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары, аудан әкімінің орынбасары, аудан әкімі қызметтерін абыроймен атқарып келді.

Облыс әкімі аппараты басшының орынбасары қызметінде облыстағы сайлау инфрақұрылымын жоғары деңгейде ұйымдастыру бойынша жұмыстар атқарды.

Аудан әкімі тағайындалды

ЖАНДОС ЕРКІНБЕК



Қармақшы ауданы активінің отырысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жаңа аудан әкімін таныстырды. Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі мен Қармақшы аудандық мәслихатының келісімдері бойынша облыс әкімінің өкімімен Қармақшы ауданының әкімі лауазымына Жандос Еркінбек тағайындалды.

Облыс әкімі 18 қаңтар 2023 жылғы өкімімен, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Мемлекеттік билік органдары жүйесіндегі кадр саясатының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы №0828 Жарлығына сәйкес Қармақшы ауданының әкімі қызметіне тағайындалды

ОКРУГТІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІН САЙЛАУ ТУРАЛЫ

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы мен «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару мен өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және саяси партиялар мен өзге қоғамдық бірлестіктердің ұсыныстары негізінде Жаңақорған ауданының мәслихаты ШЕШПТІ:

1. Осы шешімге қосымшаға сәйкес округтік сайлау комиссияларының мүшелері сайлансын.
2. Осы шешім қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Жаңақорған ауданы мәслихатының төрағасы

Ғ.Сопбеков

Жаңақорған ауданы мәслихатының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 364 шешіміне қосымша

| | | | | |
|---|---------|-------|------------|-------|
| 5 | Шерімов | Жарас | Жұмаханұлы | «ҚХП» |
|---|---------|-------|------------|-------|

№9 «Санаторий» округтік сайлау комиссиясының құрамы Орналасқан жері: Жаңақорған кенті, Ыбырай Алтынсарин көшесі №47, №56 орта мектебінің ғимараты

| п/с | Комиссия мүшесінің аты-жөні | | | Ұсынған ұйым (комиссия) |
|-----|-----------------------------|------------|------------------|-------------------------|
| 1 | Абилақимов | Қуаныш | Мусаевич | «Аманат» |
| 2 | Исабекова | Улбосын | Айдарбековна | «Ақ жол» |
| 3 | Адилбеков | Ерлан | Сейтмаханбетович | «Ауыл» |
| 4 | Наурызалиева | Гүлдірайұз | Абеновна | «Жебеуші» |
| 5 | Есенбеков | Мейіржан | Жомартұлы | «ҚХП» |

№10 «Стадион» округтік сайлау комиссиясының құрамы Орналасқан жері: Жаңақорған кенті, Жеңіс көшесі №1, М.Қаратаев атындағы №51 орта мектебінің ғимараты

| п/с | Комиссия мүшесінің аты-жөні | | | Ұсынған ұйым (комиссия) |
|-----|-----------------------------|----------|---------------|-------------------------|
| 1 | Сеилова | Гүлмира | Сериқовна | «Аманат» |
| 2 | Ашимова | Нағима | Абдықадірұлы | «Ақ жол» |
| 3 | Бекенова | Айгерім | Жұлдызбекқызы | «Ауыл» |
| 4 | Шатеева | Акерке | Айтжанқызы | «Жебеуші» |
| 5 | Нурмышов | Бахытжан | Бауржанович | «ҚХП» |

№11 «Мәдениет» округтік сайлау комиссиясының құрамы Орналасқан жері: Жаңақорған кенті, Манап Көкенов көшесі №4, Манап Көкенов атындағы аудандық мәдениет үйінің ғимараты

| п/с | Комиссия мүшесінің аты-жөні | | | Ұсынған ұйым (комиссия) |
|-----|-----------------------------|---------|--------------|-------------------------|
| 1 | Бектаева | Айнұр | Ғаниқызы | «Аманат» |
| 2 | Ибрагимова | Айнақұл | Абуаповна | «Ақ жол» |
| 3 | Қалибергенова | Мақпал | Қасымхановна | «Ауыл» |
| 4 | Мадиев | Сакен | Серіқұлы | «Жебеуші» |
| 5 | Джуманова | Айман | Асылбековна | «ҚХП» |

№12 «Мектеп» округтік сайлау комиссиясының құрамы Орналасқан жері: Жаңақорған кенті, Үрзімат Мәдиев көшесі №51, №110 мектеп лицейінің ғимараты

| п/с | Комиссия мүшесінің аты-жөні | | | Ұсынған ұйым (комиссия) |
|-----|-----------------------------|------------|-----------------|-------------------------|
| 1 | Назарымбетова | Айгүл | Сайдуллаевна | «Аманат» |
| 2 | Токбағырова | Базарқұл | Жамиевна | «Ақ жол» |
| 3 | Оспан | Рахымжан | Ақтамғалұлы | «Ауыл» |
| 4 | Амал | Серіқобсын | Сағындықұлы | «Жебеуші» |
| 5 | Жүсіпов | Орынбасар | Түленбергенович | «ҚХП» |

№13 «Ипподром» округтік сайлау комиссиясының құрамы Орналасқан жері: Жаңақорған кенті, Сұлтанмұрат Қарабаев көшесі н/ж, №286 орта мектебінің ғимараты

| п/с | Комиссия мүшесінің аты-жөні | | | Ұсынған ұйым (комиссия) |
|-----|-----------------------------|-----------|--------------|-------------------------|
| 1 | Мырзабаева | Балжан | Абжаппаровна | «Аманат» |
| 2 | Егенбергенова | Жазира | Полатбековна | «Ақ жол» |
| 3 | Айғенов | Жамбылбай | Саулебекович | «Ауыл» |
| 4 | Серіқбаев | Руслан | Турлыханович | «Жебеуші» |
| 5 | Құламетов | Меделхан | Қалмаханұлы | «ҚХП» |

№14 «Арман» округтік сайлау комиссиясының құрамы Орналасқан жері: Жаңақорған кенті, Оңғарбай көшесі №67, №163 орта мектебінің ғимараты

| п/с | Комиссия мүшесінің аты-жөні | | | Ұсынған ұйым (комиссия) |
|-----|-----------------------------|----------|----------------|-------------------------|
| 1 | Сыздықов | Курбан | Мустафаевич | «Аманат» |
| 2 | Жүсіпов | Марлен | Абдилмаликович | «Ақ жол» |
| 3 | Токболат | Сүйінбай | Құламетұлы | «Ауыл» |
| 4 | Бегенова | Айман | Сейтханқызы | «Жебеуші» |
| 5 | Оспанов | Нұркен | Нұрланұлы | «ҚХП» |

№15 «Әлшекей» округтік сайлау комиссиясының құрамы Орналасқан жері: Жаңақорған кенті, Сығанақ көшесі №1, С.Сапарбеков атындағы №125 орта мектебінің ғимараты

| п/с | Комиссия мүшесінің аты-жөні | | | Ұсынған ұйым (комиссия) |
|-----|-----------------------------|----------|----------------|-------------------------|
| 1 | Жанабаева | Балжан | Романкуловна | «Аманат» |
| 2 | Әбілпатта | Жанар | Әбдігаппарқызы | «Ақ жол» |
| 3 | Тажидинова | Манар | Хайрулдиновна | «Ауыл» |
| 4 | Айнақожаева | Аида | Пахмалдиновна | «Жебеуші» |
| 5 | Имьяминов | Сабырхан | Асанұлы | «ҚХП» |

«Аманат» - «AMANAT» партиясы» қоғамдық бірлестігі «Ақ жол» - «Ақ жол» демократиялық партиясы «Ауыл» - «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы «Жебеуші» - «Жебеуші» қоғамдық қоры «ҚХП» - «Қазақстан Халық партиясы» қоғамдық бірлестігі

ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ 100 ПАЙЫЗЫ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН АУЫЗ СУ ЖҮЙЕЛЕРІМЕН ТОЛЫҚ ҚАМТЫЛҒАН

Ауыз су сапасын арттыру және қала тазалығын қамтамасыз ету бағытында атқарылған жұмыстар туралы қала әкімінің баспасөз орталығында өткен брифингте «Қызылорда су жүйесі» МКК басшысының бірінші орынбасары Нұрлан Өтепов баяндама жасады.

-Бүгінгі күні кәсіпорын 84 548 тұтынушыға қызмет көрсетеді, яғни қала тұрғындарының 100 пайызы орталықтандырылған ауыз су жүйелерімен толық қамтылған. 2022 жылы ауыз су, кәріз жүйелеріне ағымдағы жөндеу жұмыстары толық орындалды. Атап айтқанда, кәріз су жүйелеріндегі 239

метр тозығы жеткен құбыр ауыстырылды, ауыз су жүйесіндегі тозығы жеткен 81 дана ашып-жабу ысырмалары және 6 гидранттарының 22-сі жаңартылды және тағы да басқа жұмыстар 103,5% пайызға орындалды, - деді Нұрлан Кеңесұлы.

Өткен жылы инвестициялық бағдарлама арқылы 3,7 шақырым ауыз су жүйесі мен 0,14 шақырым кәріз жүйелеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілсе, қалалық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бөлімі арқылы 11 ұңғымаға күрделі жөндеу, қалалық құрылыс бөлімінің тапсырысымен 1,8 шақырым ауыз су жүйесіне, 5,5 шақырым кәріз жүйесіне және 2 бірлік КНС-на (Гарант, Агропром) қайта жаңғырту жұмыстары атқарылған.

Қазіргі таңда «Бәйтерек» тұрғын ауданы ауыз сумен тұрақты қамтамасыз

ету үшін 7 ұңғымадан тұратын су алу құрылымының құрылысы жүргізілуде. Сонымен қатар, биыл 10,0 шақырым ауыз су жүйелері мен қолданыстағы 12 бірлік КНС-на қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу жоспарланған.

Бұдан бөлек, кәсіпорын 8 сектор бойынша тазалық қызметін, қокыс шығару, полигон, 297 көп қабатты тұрғын үйге ортақ меншікті күтіп ұстау және тұрғын үйлерді қайта жаңғырту қызметтерін атқарып келеді.

Көптегерлі тұрғын үйлерге кондоминиум объектісінің ортақ меншіктегі мүліктеріне күрделі жөндеудің жекелеген түрлері бойынша 2011-2022 жылдар аралығында 180 көп пәтерлі тұрғын үйлерге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Биыл 12 көптегерлі тұрғын үйге күрделі жөндеу жұмысының жүргізуіне бюджеттік өтім тапсырылды.

Тарих

ЕР АТАҒЫН ЖАЛҒАҒАН БАБА ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?

Шежіре тарихтың қойнауында жатқан өткен күндердің айғағы. Оны білу тарихымыздан хабардар болумен қатар, ата-тегімізді танып, ұғынуға әкеледі. Тарихтың парақтары ғасырлардан бері куә болып келе жатқан оқиғаларға толып, әр күнде жаңа бір парак ашылып отырады. Оны зерделеп, оқып-тану, өзінен кейінгі ұрпақтарға тыныстырып уағыздау бүгінгі ұрпақтың парызы.

Мен өзім киелі Қармақшы өңірінің тумасы болғандықтан болар Қармақшы топырағында мәңгілік мекенім тауып, аты аңызға айналған бабаларымыздың шежіре тарихтарына қанықпын. Сыр өңірінен аты аңызға айналып, дүйім қазаққа танымал болған тұлғалар көп шыққан. Солардың бірі Сайдымұхаммад (азан шақырып қойған аты, ел кейін Сейітпенбет атап кеткен - Қ.Ж.) қожаның ата-бабасы бүгінгі Қызылорда облысының Жаңақорған жерінде өмір сүрген. Сейітпенбет – Абдұл Жалилбабтың (Қорасан ата) 34-інші ұрпағы. Қорасан атаның ұлы Хусайннан (Сұлтан Хусайн) тарайды. Сүйегі Қызылорда облысы, Қармақшы ауданының «Бас Сарбұлақ» (Жаңақала ауылына жақын) жерінде жатыр.

Атадан балаға жалғасып келе жатқан дерек бойынша, Сейітпенбет 13-14 жас шамасында медресені тәмамдайды. Сол жылы Кіші жүз Шөмекей руының ақсақалдары Сейітпенбеттің әкесі Қожакан жожаға сәлем бере келеді. Қожакан жожа Шөмекейдің беделді адамдарымен бұрыннан етене таныс бола керек. Өйткені рухани көсемдердің бәтуасына орай Қожакан жожа Кіші жүздің арасына жиі барып, дінді насихаттап тұрады екен. Қонақтар қайтарында Қожакан жожадан ер жетіп отырған ұлы - Сейітпенбеттің өздерімен бірге жіберуін өтінеді: «Біздің елде, өзіндік білесіз, діни сауаты бар молда жоқ. Баланызды піріміздей сыйлайық. Мешіт ұстазын. Медресе ашайық, балаларымызға дәріс берсін» дейді. Аз-кем ойланған жожа: «Әуелі Аллаға, сосын өздеріне тапсырдым» деп, Сейітпенбетті Шөмекейлерге қосып жібереді.

...Қиын бір жылдарда арасында қожасы бар, басқасы бар: «Мен – қожамын» деп, елден нәріз жинайтын күмәнді сәйделелер ауыл-елде қаптап кетіпті. Қожа сыйлаған халық бар наньның жартысын «қожамыз» дегеннің қолына ұстатады екен. Сөйтіп жүргенде ел ақсақалдары: «Нағыз қожа, шын әулие адам болса – бізге кереметін көрсетсін. Токсан түйеге жүк болатын сексеуіл томарын (отын) үйіп, өртейміз. Сол отқа қорықпай түскен адамды біз әулие деп білеміз» деп шарт қояды. Сонда өздерін «мен қожамын, әулиемін» деп жүргеннің біразы елден ғайып болады. Ал Сейітпенбет қожа әлгі шартты қабыл алыпты. Оқиғаны әрі қарай академик-ғалым Серғали Толыбековтің «Қазақ шежіресі» кітабынан өрбітейік:

«...От бірден-ақ лаулап жанып, тез құлашталған жалын аспанға шығып жанып, бірте-бірте бөсеңдейді. Қоршап тұрған халықтың екі көзі әулиеле. Біртіндеп қызыл жалын саябырлап, сағымданып, жанып жатқан отын ішінен Сейітпенбет қажы көрінеді. Қызыл шок сөніп, қарауыта берген кезде ол аста таяғы қолында: «Иә, бабам!», - деп аман-есен шығады. Жұрт: «Иә, Құдайлап» шулап, қол қусырып, қожаның аяғына жетіп отырған ұлы - Сейітпенбеттің өздерімен бірге жіберуін өтінеді: «Біздің елде, өзіндік білесіз, діни сауаты бар молда жоқ. Баланызды піріміздей сыйлайық. Мешіт ұстазын. Медресе ашайық, балаларымызға дәріс берсін» дейді. Аз-кем ойланған жожа: «Әуелі Аллаға, сосын өздеріне тапсырдым» деп, Сейітпенбетті Шөмекейлерге қосып жібереді.



өрбиді. (Ш.Серікбайұлы, «Ғалымның ғажап әңгімелері», «Сыр бойы», 23.05.2000 ж.)

Міне, осы оқиғадан соң ел Сейітпенбеттің есіміне «Ер» деген атауды қосып, «Ер Сейітпенбет қожа» деп атап кетеді, әулетін де пір тұтып, ұрпағын ұлықтап, үрім-бұтағын сыйлап келеді. Айта кетейік, оттан аман шыққан әулие болғандығынан дерек бергендей. Ол туралы бабаның ұрпақтары былай дейді.

«Ел аузында отқа салса жанбайтын бабамыздың аты ардақтаулы. Бүгінде бабаға арнап салынған зират бар. Жыл сайын

өзге облыстардан келіп зират ететін халықтың қарасы көп. Шөл даланы мәңгілік мекеніне айналдырған бабаның мазарының салынуында да аңыз бар», - дейді Алымжан Абдиев.

Кейбір деректерге сүйенсек, Ер Сейітпенбет көз жұмарда балаларына, мұридтеріне, жоғарыда айтқандай, аманатын айтып кетеді. Көп ұзамай әулие дүниеден өтеді. Ел-жұрт аманатын орындап, Ер Сейітпенбеттің денесін ақ нарға жүктейді. Нар түйе ең даланы кесіп өтіп, дариға таяйды. Сонда ел тағы бір кереметке куә болады. Дария қак айырылып, түйе өзеннің түбінен өтіп, Қызылқұмды бетке алады. Ұшан-теңіз тақырды басып өтіп, «Бас Сарбұлақ» (Арғы жағын «Аяқ Сарбұлақ» деп атайды) деген жерге жетіп шөгеді. Әулие сонда жерленеді. Өзі айтқандай, жерлеу рәсімі болған мерзімнен 40 күн өткенде құт мекен Қызылқұмды

мекен еткен батыр әрі ғұлама діндар, төленгіт руының көсемі Көккөз батыр көз жұмады. Батыр өлерінде өзін Ер Сейітпенбет қожаның қасына жерлеуін өсиет етеді. Туыскандары батырдың өсиетін орындапты. Жылдар өте келе Бас Сарбұлақтағы қос мола үлкен қорымға айналды. Кіші жүздің белгілі тұлғалары сол қорымға жерленеді. Біздің білетіміз: бірнеше қожа, төрелер, дінбасылар, Байсарының (Кете), Әлімнің Шектісінің, Шөменнің Шөмекейінің белгілі тұлғалары осы қорымда жерленген. Жомарттығымен мәшһүр болған Қошқаралы Сансызбай сахи,

саналық Қармақшы ауданына қарасты Қуандария деген елді мекенде Алланың үйінің жоқ екендігі ескеріліп, халықтың игілігі жолында сол ауылға салуды күп көрдік Біршама уақыттың ішінде мешіттің құрлысы басталып, жұмысын аяқтап халыққа тарту етілді» - деп түсіндірді Алымжан Абдиев баба ұрпағы.

Бір аңызда Ер Сейітпенбет әулие, Жәрімбет әулие және Марал ишан үшеуі Сырдың бойында бас қосыпты. Сонда Марал баба: «Жұрт сені «Ер Сейітпенбет» деп атайды. Әулиелігің рас болса, біз қайда жерленеміз? - деп сұрайды.



Шыбынтай, Жолай руларынан шыққан атақты билер – Өтегілеу, Пірәлі, Алмастар, жалпы Тока, Көнек, Аспан, Бозғұл руларынан шыққан басқа да би-болыстар сол мазарда мәңгілікке тыным тапқан.

Ер Сейітпенбет қожа ұрпақтары ел «Ер Сейітпенбет қожалар» деп атаса, сұрасқан елге өздерін: «Қорасан жожа тайпасынан тарайтын Ер Сейітпенбет қожа руынанбыз» деп таныстырады. Кереметін көрсеткен Ер Сейітпенбет қожа есімі сол кезден-ақ ру атауына айналып кеткен. Ер есімін ұлықтаған халыққа беріде баба ұрпақтары мешіт салып, Қармақшы ауданына қарасты Қуандария ауылының тұрғындарының игілігіне берген екен.

«2015 жылы баба ұрпақтары бірігіп мешіт салуды жөн деп

Сауалға Сейітпенбет: «Сен Марал, суы мол елді мекенде қаласың, Жәрімбетке өзі тұрған осы таудың басы бұйырар, ал мен қиян шөлден пана табармын.» - деп жауап берген екен. Әулиенің айтқаны келеді. Кей аңыздарда үш әулиенің қатарына Қармақшы атаны да қосады. Сол аңыз бойынша Сейітпенбет әулие Қармақшыға: «Сен елдің ішінде боласың, атыңды күллі әлем білетін болады», - деген екен. Онысы ақиқат Қармақшы топырағын Байқоңыр ғарыш айлағы арқылы әлемнің кез келген елі біледі.

Қазақтың ең даласы әлі талай сырды бүгіп жатыр. Айтылмаған ақиқаты бар аңыздар қаншама. Рухани жаңғырудың мойнымызға жүктейтін бір міндеті – тұмса тарихты сөйлетіп, ұрпаққа баба сөзін таныту.

Сәтті сұхбат

БІЛІКТІ МАМАН ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ЖҰМЫСТЫҢ СЕБЕПШІСІ

Талап пен еңбек адамды алға жетелейтіні анық. Абыройлы еңбектің артында үлкен мәртебе бары шындық. Біршама жылдардан бері өз саласының іскер маманына айналған Қазалы ауданының білім бөліміне қарасты №21 «Алпамыс» балабақшасының әдіскері Найла Абдімұратқызының балабақшаның жұмысын жүйелі жүргізудегі ісі көпке үлгі. Тәжірибелі маманның ісі қашан да тыңғалықты. Әсіресе ел балаларын тәрбиелеуде бақшаның жұмысы жауапкершілікті талап ететіні анық. Әрбір тәрбиеленушімен тығыз қарым-қатынас орната білуде Найла апайдың көпжылдық тәжірибесі көрініп жатады. Ақырын жүріп анық қадам басатын білікті маман тынымсыз талпынысы мен өз жұмысына деген махаббаты арқасында әріптестерінің оң бағасында алып үлгерген.

Осы орайда қандай да бір істің басы-қасында жүріп, ұршықтай піретін білікті маманмен сұқбаттасудың сәті түскен болатын.

-Найла Абдімұратқызы, бүгінде балабақшада білімге де талап қатаңдатылып, инновациялық технологияның заманауи әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, баланы тәрбиелеу жауапкершілігі жүктелгені белгілі. Бұл талапқа сіздің көзқарасыңыз қандай? - Бала тәрбиесі баршаға ортақ іс. Себебі елдің ертеңгі болшақ тұтқасын ұстайтын бүлдіршіндер ең алдымен отбасында тәрбие алса, содан кейін балабақшада білім мен тәрбиеге сусындайды. Сондықтан балаға үйде ата-анасы тәрбие берсе, сол тәрбиені әрі қарай балабақшадағы өмірімен ұштастыратын тәрбиеші. Қазіргі таңда жалпы білім беру ұйымдарында талап күшейтілді. Баланы тәрбиелей отырып білім беру басты міндетіміз. Десек те жаңартылған білім жүйесі бойынша мектепке дейінгі ұйымдарда «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін бекіту туралы 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 қаулысының мақсатын іске асыруда» балаларды ойын арқылы дамыту, тәрбиелеу жоспарлы түрде енді. Бұл дегеніміз баланы жан-жақты өркін

ойындарды ұйымдастыру арқылы қызығушылығын арттыруға ықпал ете отырып, ойын арқылы дербес әрекетін дамытамыз.

-Баланы ойын арқылы тәрбиелеу қаншалықты дұрыс? -Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына қабылданатын балалардың жас ерекшелігіне қарай ойын технологиясын пайдалану тиімді. Себебі бала ойын арқылы адамгершілік, сыйластық, үлкенді сыйлау қасиеттерін үйрене алады, сонымен қатар бірігіп топта ойнау арқылы өздеріне жақын достар тауып, дұрыс сөйлеу қарым-қатынасын орната алады. Негізгі ойын әдістерінің бөбектерге тиізер пайдасы орасан зор.

Тәрбиеші күнделікті күн тәртібінің режимдік сәттеріне сай ойын түрлерін дұрыс тандап, оның шартын балаға тиімдірек етіп құрса педагог дүптеген мақсатына жетеді. Бағдарламаның мақсат, міндеттерінде көрсетілгендей тәрбиеленушінің ойын үстінде қимыл-қозғалыс белсенділігі, коммуникативтік, эмоционалды, әлеуметтік дайындығы қалыптасады. Қолданылған ойын әдісінің сәтті шығуы ең алдымен



тәрбиешінің шеберлігі мен шығармашылық қабілетіне байланысты.

-Мемлекеттік «Алпамыс» балабақшасында тәрбиешілерге қойылатын талап қандай? Қазір таңда кейбір балабақшаларда сырғайт бітірген мамандардың да тәрбиеші болып жұмыс жасап жатқандығын құлағымыз шалады. Мамандықтары сәйкес келмесе де осы салада адал нань тауып жүргендер қаншама. Мамандықтары сәйкес келмеген мамандарды курстардан өткізіп оқытып алу сіздерде бар ма? - Қазір білімділердің заманы. Балабақшадағы барлық тәрбиешілер «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» бойынша біліктілігін алған, мамандықтары сәйкестендірілген педагогтар. Үлгілік одақ: ата-ана, бала, педагог арасындағы қарым-қатынас жоғары деңгейде болуы үшін тәрбиеші үнемі ізденіс үстінде болуы керек. Өйткені қазіргі білімнің қарыштап дамуымен ата-ананың балабақшаға қоятын талабы осыны қажет етеді. Сондықтан біз көбінесе өз мамандарымызды білімдерін жетілдіру мақсатында жоспарлы түрде біліктілік арттыру курстарына жіберіп, семинарлар, әдістемелік күндер ұйымдастырып, тәжірибе жинақтауларына

мүмкіндік береміз. Арнайы реттілікпен жіберіп отырамыз. Біздегі тәрбиешілер өз саласының майталмандары. Жоғары білімді.

-Қазіргі таңда №21 «Алпамыс» бөбекжай-балабақшасында қанша тәрбиеленуші бар? Оларға қанша маман қызмет етеді? -Қазіргі таңда балабақшада 12 топта 280 бала тәрбиеленуде. Сонымен бірге баланы жан-жақты дамытуға тәрбиелеу мақсатында балабақшада топ тәрбиешілерімен бірге дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі, хореограф, психолог, педагог ұйымдастырушы және логопед маманы жұмыс жасайды.

-Ел президенті 2022 жылғы «Балалар жылы» деп жариялаған болатын. Осы балалар жылында сіздерде қандай істер қолға алынды? Қандай шаралар өтіп, жетістіктерге жеттіңіздер? Жалпы сіздер балалар жылын сезінініздер ме? -Балабақшамызда барлық жұмыстар, іс-шаралар жоспарлы түрде жүргізіледі. Біздің мақсатымыз ең алдымен балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру болып табылады. Міне, осыдан кейін барып бүлдіршіндеріміздің

шығармашылық, көркемдік, эстетикалық талғамдарына сай жас ерекшелігін ескере отырып, Отанды, ана тілін сүюге тәрбиелей отырып, патриотизмге тәрбиелейміз. Балабақша бүлдіршіндері байқауларға тек «Балалар жылы» аясында емес, үнемі аудандық, облыстық, республикалық деңгейде қатысып жүзделі орындармен марапатталады.

-Әдіскер балабақшаның жүрегі дейміз. Әрбір тыңғалықты іс тікелей әдіскерге байланысты. Іс-шараларды ұйымдастыру, ата-аналармен жұмыс жүргізе отырып, тәрбиешілерге дұрыс бағыт беру де сіздердің қызметтеріңізге жатады. Осы қызметтің қанша жылдан бері жүгін аркалап келе жатсыз? -Балабақша саласында жұмыс жасап келе жатқаным 30 жылдан асып отыр. Мен өз жұмысымды жақсы көрумен қатар мамандығым шын берілген адаммын. Балабақшамызға келген әрбір тәрбиеленушіні жақсы көремін. Олармен жұмыс жасағанды жаным сүйеді. Жас мамандарға да бағыт бере отырып, олармен де өзіміздің іс-тәжірибемді бөлісіп отырамын.

Мен осы саланы бала кезімнен бастап жақсы көрдім. Тіпті мамандыққа келуімнің өзі кездейсоқ емес. Жалпыға міндетті білім беру ұйымын бітіргеннен кейін әкем менің медицина саласына түсіп, білікті маман болуымды қалады. Бұл арманымның да өзіндік салмақты себебі бар еді. Кішкентай кезінде өзімнен кейінгі сіңілім ауырып әкем мен анам бауырымыз білікті деген дәрігерлерге апарып емдететін. Ол кезде біздің елімізде медицинаның дамымаған кезі.

ПС: Әр саланың өзіндік ауыртпалығы бар. Жауапкершілік баршаға ортақ іс. Сонда өз жұмысына сақайдай сай балабақша әдіскерлерінің жұмысы ыждақаттылықты қажет етеді. Себебі бала тәрбиесі салғырттықты көтермейді.

Бетті дайындаған: Зибаш ӘЛИ



(23.01-29.01.2023)

Токты (21 наурыз-20 сәуір)

Токты белгісіндегілер үшін бұл апта келіссөздер жүргізуге және серіктестік мәселелерін талқылауға қолайлы бола ма...



Торпақ (21 сәуір-20 мамыр)

Апта жөндеу жұмыстарын бастауға қолайлы. Бірлесіп жұмыс істеуге тырысу керек...



Егіздер (21 мамыр-21 маусым)

Барлығын ережеге сәйкес жасауға тырысыңыз және әлеуметтік серіктестердің келісімін алыңыз...



Шаян (22 маусым-22 шілде)

Апта басқалармен тез ортақ тіл табуға мүмкіндік береді. Жаптылықты қысқарту керек...



Арыстан (23 шілде-22 тамыз)

Апта арыстандар үшін қолайлы апта. Бірақ қаржылық есеп айырысуға немесе ақша алуға қырағы болуы керек...



Бикеш (23 тамыз-22 қыркүйек)

Қыркүйектің бірінші онкүндігінде туылғандар өздерін сенімдірек сезінеді: егер қандай да бір идеяға алданып қалса...



Таразы (23 қыркүйек-22 қазан)

Ешкімнен көмек сұрамауға тырысу керек. Жақын арада Таразы белгісінде туылғандар өз қиындықтарын өзі жете алатын дәрежеге жетеді...



Сарышаян (23 қазан-21 қараша)

Сарышаяндар үшін сәтті апта. Ең бастысы - өз дұрыстығыңызға сенімді болу...



Мерген (22 қараша-21 желтоқсан)

Мерген өмірді тұрақты етегің нәрселерді бастай алады. Бірақ дұрыс қарым-қатынас үшін көп уақыт пен күш жұмсауға тура келеді...



Тауешкі (22 желтоқсан-19 қаңтар)

Көбіңің өз бақытын сынауға мүмкіндігі болады. Тағдыр қандай тосынсыз жібереді деп емес, өзінше бағытта әрекет етуге тырысу маңызды...



Сукүйғыш (20 қаңтар-18 ақпан)

Қаңтарда туылған Сукүйғыштар ғажайыптар жасай алады. Өйткені басқа адамдардың жетістіктері олар үшін тамаша нұсқаулық болады...



Балықтар (19 ақпан-20 наурыз)

Балық белгісіндегілер үшін жақсы апта. Сабырлы болыңыз, бастаған істі кейінге қалдыруға итермелейтіндей адамдармен араласпаңыз...



29 қаңтар – Дүниежүзілік лепраға қарсы күрес күні

ЛЕПРОФОБИЯ (Лепрадан қорқу туралы)

Қазіргі медицина ғылымының жетістіктеріне қарамастан қарапайым тұрғындар арасында ғана емес, тіпті медицина қызметкерлері арасында да лепра ауруынан қорқыныштың (лепрофобия) ерекше дамығаны ешкімге жасырын емес...

Осы мәселемен айналысқан ғалымдар лепра микобактерияларының жұқпалылығы өте төмен екендігін алға тартады. Лепраның Гиннестің рекодтар кітабына жұқпалылығы ең төмен жұқпа ретінде кіргені біреу білсе-біреу білмейді...

Туберкулез микобактерияларымен салыстырмалы қарасақ, медициналық әдебиеттерде туберкулез таяқшаларының өте баяу көбейетіндігі, бір бөлінуіне 16-18 сағат кететіні айтылған. Сонда лепра таяқшалары туберкулез таяқшаларына қарағанда 10 еседі баяу көбейетін болып тұрғай.

Сонымен ғалымдар тарапынан лепра микобактериясының адамзат баласымен өте ерте заманнан араласуына байланысты бұл жұқпаны адамдардың негізгі бөлігін туа бітті иммунитеті қалыптасқан деген тұжырым жасалды.

Алайда ауруды жұқтыру үшін макроағзаға иммунитеттің әлсіреуіне әсер ететін бірнеше факторлардың қатар әсер етуі өте маңызды екен. Орта ғасырларда Скандинавияда лепрамен ауырған адамдарға көмектесу мақсатында олармен бірге тұрып, олардың өмірімен өмір сүріп, өзіне лепра жұқтырған Дамиан әке (Отец Дамиан) туралы жазылған роман, ол туралы түсірілген фильм де бар.

Адамнан аурудың емделмеген белсенді кезеңінде, сөйлеген, түшкірген сөздерінде қоршаған ортаға микобактериялардың көптеп шағырағаны люминесценттік флуоресценциямен түсіріліп дәлелденген жағдай.

Сонымен ғалымдар тарапынан лепра микобактериясының адамзат баласымен өте ерте заманнан араласуына байланысты бұл жұқпаны адамдардың негізгі бөлігін туа бітті иммунитеті қалыптасқан деген тұжырым жасалды.

Алайда ауруды жұқтыру үшін макроағзаға иммунитеттің әлсіреуіне әсер ететін бірнеше факторлардың қатар әсер етуі өте маңызды екен. Орта ғасырларда Скандинавияда лепрамен ауырған адамдарға көмектесу мақсатында олармен бірге тұрып, олардың өмірімен өмір сүріп, өзіне лепра жұқтырған Дамиан әке (Отец Дамиан) туралы жазылған роман, ол туралы түсірілген фильм де бар.

әсер етеді, яғни олардың ағзасының түрлі ауруларға қарсы тұру қабілетін төмендетеді, бұл өз кезегінде «лепра тұқым қуалайды» деген жаңсақ пікірге әкеп соқтыратыны сөзсіз.

Десе де қорқыныштың, оның ішінде жұқпалы кеселден қорқудың осы ауруға қарсы бағытталған ең бірінші профилактика екенін де естен шығармаған жөн. Біз қорыққан нәрседен сақтанып жүреміз. Алайда қорқыныштың да өзінің белгілі бір мөлшері болуы керек.

Лепраның жұқпалылығы жөнінде өте ерте кезеңдерден белгілі болды, тіпті жұқпалылығы белгілі болған бірінші ауру десе де болар. Сондықтан арнайы профилактиканың жоқ кезеңінде, яғни орта ғасырларда мұндай науқастар қоғамнан аластатылып, оларға еңбек етуге тыйым салынып, күндерін қайыршылықпен өткізу және көпшілік орындарға өздері туралы белгі беретін арнайы киімдермен және сылдырмақпен келу міндеттелді.

Екінші себеп аурудың зақымдау нысанасына, яғни зақымдалған ағза мүшесіне байланысты. Лепра теріні, шеткі нерв жүйелерін, көзді, сүйектірек аппаратын және ішкі ағзаны зақымдайтын ауру. Осылардың ішінде шеткі нерв жүйесі, көз, яғни ешқандай сырт көзден жасыра алмайтын дене мүшелерін зақымдау арқылы адамның әдемілігін жояды, яғни оны «құбыжыққа» айналдырады.

айырмашылық осында ғана.

Үшінші себеп аурудың созылмалы болуында. Бұл мәселе де аурудың зақымдау нысанасына, яғни шеткі нерв жүйелерін зақымдауына тікелей байланысты. Яғни лепра микобактерияларының ағзаның арылуымен ауру тоқтамайды. Біз нерв тіндерінің қалпына келмейтінін немесе өте баяу қалпына келетінін білеміз, тіпті оның толық қалпына келуі үшін біздің өміріміздің ұзақтығы да жетпейді.

Әкінішке орай, біздің қоғам әлі күнге ортағасырлық түсініктерден арғыла алмай келеді. Оған өзміздің біліксіздігіміз кінәлі. Соның салдарынан көптеген мүгедек жандар қоғамға араласа алмай, ондаған жылдар бойы сотсыз, үкіміз оқшауланып, қуыстанып өмір кешуде.

Мен 60 жылдан аса лепрозирде жатқан бірнеше адамды білемін, ендігі өмірінің соңына дейін осында қалатын болар. Аса ауыр қылмыс жасаған жағдайдың өзінде олардың бостандыққа шығатын уақыты әлдеқашан өтіп кеткен болар еді...

М. А. СЕЙТАЛИЕВ, ҚР ДСМ «Қазақ республикалық лепрозирі» ММ-нің басшысы

«Q-MED» КЛИНИКАСЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕДІ

Жүрек-қан тамырлары, неврологиялық аурулар әртүрлі жастағы адамдар арасында жиі кездеседі. Сондықтан, медициналық ұйымдарда инсульт, инфаркт алған артериялық гипертензиямен ауыратын науқастар арасында медициналық қызметтерге сұраныс жоғары.

Қаланың 46 жастағы тұрғыны Ербол Байманов жоғары қан қысымымен ауырады. Қысым 280-ге көтерілгенде, ер адам комаға түсті. Диагноз: ми артерияларының тромбозынан туындаған ми инфарктісі. Дәрігерлер науқасты құтқарды. Табаңдылықтың, күнделікті оңалту емінің, туыстарының қолдауының арқасында Ербол тез аяғна тұрды. «Жергілікті емхана дәрігерінің жолдамасы арқылы «Q-med» клиникасында қалпына келтіру емінен қабылдап жүрмін. Мұнда маған қажеті барлық медициналық қызметтері бар: массаж, фитобочка, логопедтің көмегі, жаттығу терапиялары, сауна, бассейн және т.б.



ДӘРИГЕРЛЕР ҮСІК ШАЛҒАН НАУҚАСҚА КӨМЕКТЕСТІ

Қызылорда қалалық көпсалалы ауруханасының дәрігерлері аяқ саусақтары үсік шалған науқасқа шұғыл көмек көрсетті.

Қызылорда қаласының 35 жастағы тұрғыны Асқар Манасов (аты-жөні өзгертілді) аяқ саусақтарын сезбей, қозғала алмай дәрігерлерге жүгінген. Әйелімен жанжалдасып қалған ер адам үйінен шығып, көшеде қатты үсік шалған. Пациентке тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) шеңберінде шұғыл медициналық көмек көрсетілді. «Ренжіш пен ашуланып түнде көшеге шықтым. Таң атқанша, аязда, далада жүрдім. Сол күні ешқандай ауырсынуы сезбедім. Бірақ екінші күні аяқ саусақтарым мазалай бастады. Емханаға жүгіндім. Дәрігерлер жедел жардем шақырып, шұғыл ауруханаға жатқызылды. Кезірі ем қабылдап жатырмын. Әзір уақытша жұмыс істемеймін. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) аясында одан әрі ем алу қажет. Осы жылдың 12 айына дербес төлеуші ретінде төледім. Дәрігерлерге мың алғыс, уақтығы медициналық көмек көрсеткені үшін рахмет», - дейді Ербол.

Айгүл АХАНОВА, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының бас сарапшысы